

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру"
мемлекеттік қызмет стандарты

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ТЖКБ ұйымдары)
Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру:
- 1) ТЖКБ ұйымдарының кеңсесі;
 - 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация);
 - 3) "www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
- 1) көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға немесе ТЖКБ ұйымына немесе порталға құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 15 (он бес) жұмыс күні;
- 2) Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут;
- 3) Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.
- электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде
- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқасы не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық/қағаз түрінде.
- Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілінің) көрсеткен кезде жүзеге асырылады.
- Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін сұрау салуда көрсетілген Мемлекеттік корпорацияның мекенжайы бойынша алады.
Мемлекеттік корпорация 1 (бір) ай ішінде құжаттарды сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетілетін қызметті алушыға одан әрі сақтауға береді.
- 1 Көрсетілетін қызметті берушінің атауы
- 2 Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері
- 3 Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі
- 4 Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны

- 5 Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі
Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде
көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын
төлем мөлшері және Қазақстан
Республикасының Заңында көзделген
6 жағдайларда оны алу тәсілдері

көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткен
соң жүгінген кезде Мемлекеттік
корпорацияның сұрау салуы бойынша
көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) жұмыс күні
ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін
қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік
корпорацияға жібереді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз
негізде жеке тұлғаларға көрсетіледі

1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан
Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес
демалыс және мереке күндерін қоспағанда,
дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда,
сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен,
сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, көрсетілетін
қызметті берушінің белгіленген жұмыс
кестесіне сәйкес.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік
қызмет көрсетудің нәтижесін беру сағат 13.00-
ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-
ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады;
2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан
Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес
демалыс және мереке күндерін қоспағанда,
дүйсенбі - сенбі аралығында, жұмыс кестесіне
сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге
дейін.

Құжаттарды қабылдау көрсетілетін қызмет
алушының таңдауы бойынша "электронды"
кезек тәртібінде, не жеделдетіп қызмет
көрсетусіз "электронды үкімет" веп-порталы
арқылы электронды кезекті броньдау
жолымен жүзеге асырылады;

[3\) порталда – жөндеу жұмыстарын
жүргізуге байланысты техникалық
үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы
\(көрсетілетін қызметті алушы жұмыс
уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан
Республикасының 2015 жылғы 23
қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес
демалыс және мереке күндерінде
жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және
мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін
беру келесі жұмыс күнінде жүзеге
асырылады\).](#)

7 Жұмыс кестесі

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

- 1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің: www.edu.gov.kz интернет-ресурсында;
- 2) Мемлекеттік корпорацияның: www.gov4c.kz интернет-ресурсында;
- 3) www.egov.kz порталында.
Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:

- 1) құжатын жоғалтқан немесе бүлдірген білім алушының немесе кәмелет жасқа толмаған баланың ата-анасының (заңды өкілінің) ТЖКОБ ұйымы басшысының атына оның мән-жайы баяндалған осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес өтініші;
- 2) білім алушының туу туралы куәлігі немесе жеке куәлігі (паспорты) және (немесе) цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаты (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);

3) тегі (аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген және білім туралы құжат бүлінген жағдайда білім беру туралы құжаттың түпнұсқасы қоса беріледі.
Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті Мемлекеттік корпорацияның қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады және оны көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды.

Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.

порталда:

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті
8 құжаттар тізімі

көрсетілетін қызметті алушының электронды цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған немесе порталдың есептік жазбасына көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы ұсынған, абоненттік нөмірі қосылған және тіркелген жағдайда, бір рет қолданылатын парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы Қағидалардың 5-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының басшысының атына өтініш.

Қазақстан Республикасының Заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден
9 бас тарту үшін негіздер

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорация немесе негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымының қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Өз-өзіне қызмет көрсету, өздігінен қозғалу, бағдар жасау қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе жартылай жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылардан 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну кезінде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар қабылдауды көрсетілетін қызметті алушының тұратын жеріне бара отырып, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері жүргізеді. Электрондық цифрлық қолтаңба бар болған жағдайда қызмет алушы мемлекеттік қызметті электронды түрде портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің www.edu.gov.kz және бірыңғай байланыс орталығының www.egov.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық түрде және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері
10 ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді.

Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі "цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.